

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ  
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА**

**3 желтоқсан 2025**

**№: AIFC-C/CFI/2025/0060 ic**

**ЕЛЕУСИЗОВ ТИМУР ЖАКСЫБАЕВИЧ**

**Талап қоюшы**

**қарсы**

**(1) «КЛАСС АГРО» ЖШС  
(2) Лугинин Александр Анатольевич**

**Жауапкерлер**

---

**ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ**

---

**Сот Судьясы:**

**Том Монтагю – Смит КС**

**ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ**

1. 2025 жылғы 7 қарашадағы талап мәлімдемесінің негізінде Талап қоюшы Сотқа ХТО №167/2025 төрелік іс бойынша 2025 жылғы 28 қазандағы біржақты төреші Нестерова Елена қабылдаған Төрелік шешімнің V бөлімінде көрсетілген шараларды тану және орындау туралы Бұйрық беруін сұрады.
2. Төрелік шешімді қарағаннан кейін мен талап мәлімдемесі негізді деп шештім. Сол себепті мен былай бұйырамын:
  1. Елеусизов Тимур Жаксыбаевичтің (ИИН: 780813302661) пайдасына «КЛАСС АГРО» ЖШС (БИН 170540005795) және Лугинин Александр Анатольевичтен (ИИН 810411350347):
    - бірігіп негізгі қарыз, сыйақы және айыппұл сомасын 2 119 756 (екі миллион жүз он тоғыз мың жеті жүз елу алты) теңге көлемінде өндіру;
    - Төрелік шығындарды 315 578 (үш жүз он бес мың бес жүз жетпіс сегіз) теңге көлемінде өндіру.
3. Жауапкерге осы Бұйрық табыс етілген күннен бастап жеті күн ішінде оны жою туралы өтініш беру құқығы түсіндіріледі.
4. Осы Бұйрық а) жоғарыда көрсетілген 3-тармақта белгіленген мерзім өткенге дейін; немесе б) көрсетілген мерзім ішінде Жауапкер ұсынған өтініш толық қаралып, ол бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін (қайсысы кейінірек болса), орындауға жіберілмейді.

Сот қабылдады,

Том Монтагю – Смит КС,  
Судья, АХҚО Соты

**Өкілдік:**

Талап қоюшы өз мүдделерін дербес түрде өзі қорғады.

Жауапкер өкілдік етілмеді.